



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР

Дильдабекова Салтанат

salta1995.kz@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты, Астана қаласы,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ибадуллаева З.Ө.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында жаңғыртуды экономикалық өрлеуге немесе технологиялық жетілдіруге жинақтау – бұл жалпы өзгерістер жобасының бір бөлігі ғана екеніне көңіл бөле отырып, жаңғырту процестері шеңберінде еліміздің рухани қайта өрлеуінің тұжырымдамалық бейнесін жеткізеді. Президенттің бағдарламалық мақаласы – бұл рухы жетілген ұлттың өз бірлігін одан сайын нығайтып, оны материалды деректі түрінде іске асыра алу мақсатында зерттеу және ұйымдастырушылық тәжірибелік жұмыстарды бірдей бастауға мүмкіндік беретін қуатты ресурс болып табылады[1].

Қазіргі заманғы бәсекелік қабілет дегеніміз экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, өзіндік мәдени жетістіктермен әлемге танылу[1]. Сондықтан халқымыздың атадан балаға мұра болып келе жатқан, ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан қолөнер туындылары халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі болып табылады. Тарихын тереңнен алған қазақтың қолөнері дәстүр сабақтастығын үзбеген, рухани мәні мен құндылығын жоймаған. Қазақстан жерінде асыл тастан, сүйектен, жүннен, ағаштан, қыштан, құнды металдан, былғарыдан, саздан - қару-жарақ, құрал-сайман, үй жиһазы, т.б. тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, түрлі сәндік қолөнер туындыларын жасаумен қатар, оларды өздерінің дүниетанымына, эстет. талғамына сай әшекейлеп, безендіру ерте заманнан бері дамыған[2,169 б]. Сан қилы кезеңдерден өтсе де, көркемдік бейнелердің өзіндік ерекшеліктерін бұлжытпай сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жалғасын тауып келе жатқан қолөнеріміздің ішіндегі киелі әрі күрделілерінің бірі – зергерлік өнер

Зергерлік өнер - сән және қолөнердің ежелгі түрі. Металды асыл немесе жартылай асыл тастармен әшекейлеуге негізделген. Зергерлік өнерге әсемдік бұйымдар мен ыдыс-аяқ, қару-жарақ пен ат-әбзелдерін өрнектеу де жатады. Зергерлік өнерде шыңдау, құйма, тегістеу, біліктеу, көркем шекіме, канфаренье (өтпейтін бізбен шекіме жасау арқылы металдың үстіне бүршіктік және күңгірт әсер беру), бастырма, оймыштау, нақыштау, оброн (сурет айналасын ойып тастау техникасы), сым-кәптау (филнгрань), бүршік, карала, тыныке (финифть), инкрустация, қырнау, жылтырату және т.б. тәсілдер қолданылады[2,135 б].

Қазақстандағы техникалық әрі әсемдік жағынан жетілген зергерлік өнер алғашқы темір дәуірінен басталады. Жетісуда жануарлар - таутеке, қабан бейнесі бедерленген мыс қазандар мен құрбандық құралдары (б.з.б. 5-4 ғғ.), сақ жауынгер-көсемінің алтынмен апталған сауыт-саймандары (Есік қорғаны, б.з.б. 4 ғ.), әйелдің алтын бас киімі (Қарғалы қазынасы, б.з.б. 11 ғ.), т.б. табылған. Бұлар полихромдық стильге жатқанымен бірін-бірі толықтыратын тех. тәсілдері - сіркелеу, қақтау, әшекейлеу, кіріктіру, т.с.с. қамтиды[2,135 б].

Орта ғасырда зергерлік өнер жекелеген шеберлердің ықпалынан шығып, қолөнерлік өндіріске айналды. Сөйтіп, Оңтүстік және Орталық Қазақстан қалаларына тарады. Осы кезеңде кен етек алған тәсілмен ат әбзелдерін өрнектеу (күмістеу, асыл, жартылай асыл тастармен әшекейлеу, бедерлеу, бұрау), қару-жарақтар, күнделікті тіршілік құралдары - қола шырағандар, ыдыс-аяқ (Оңтүстік Қазақстан, Тараз қалашығы 10-13 ғ.) жасалған[2,136 б].

Қазақстанның зергерлік өнерін археологтар, этнографтар мен өнертанушылар

зерттейді. Соның ішінде археологиялық зерттеу жұмыстары барысында табылып жатқан жәдігерлер тарихи мәдени маңызға ие. Қазақстан археологтары осы уақытқа дейін қазба жұмыстары барысында ортағасырлық кезеңге жататын алтын, күмістен жасалған зергерлік бұйымдарға толы бірнеше көмбелерді анықтады. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдары бар көмбелерді жолықтыруы өте сирек жағдай. Қазақстанның оңтүстігінен кездейсоқ табылған зергерлік бұйымдары бар екі көмбенің анықталғаны бізге мәлім. Оның бірі 1903 жылы жергілікті тұрғын Сайрамсу өзенінің құлама жарындағы жердің опырылып құлаған орнынан тапқан болатын. Күміс бұйымдардан тұратын салмағы төрт жарым фунт көмбе Санкт Петербургтегі императорлық археологиялық комиссиясына жеткізіліп, ол жер күмісшінің қоймасы ретінде анықталады. Он бір әр түрлі күміс білезік, сырға жиынтығы, бойтұмарға арналған қорап, белдіктің тоғасы, алқа, күміс сынығы және әр түрлі құндылықтағы тиындардан тұратын көмбе ғасырмен мерзімделеді. Бүгінгі таңда сайрам күміс көмбесінің бұйымдары Ресейдің мемлекеттік тарихи музейінде сақтаулы тұр [3, 49 б].

Күміс бұйымдардан тұратын екінші 1974 көмбе жылы Отырар қаласына жататын ортағасырлық үй жай аумағында жер өңдеу жұмыстарын жүргізу кезінде табылған болатын. Көмбе Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейіне түсіп, бүгінгі күнге дейін сонда сақтаулы тұр. Көмбенің негізгі бөлігі күмістен жасалған зергерлік бұйымдарды құрайды, оның ішінде сақиналар, білезіктер, сырғалар, жүзіктер, моншақтар, ілме салпыншақтар, әшекейлі белдіктің бөлшектері мен күміс сом бар. Көмбеде күміс сынықтары аз болмағандықтан, мұны қайта балқыту үшін дайындаған деген қорытынды жасалынды. 224 бүтін және 9 ақаулы күміс тиыннан тұратын көмбенің басқа бөлігі бойынша көмбе XIII ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысымен мерзімделді [3, 49 б].

Сонымен қатар Тараз қалашығынан ортағасырлық кезеңге тән зергерлік бұйымдардан тұратын көмбе қазба жұмыстары барысында екі мәрте анықталған болатын.

Ежелгі Тараз қалашығында зерттеу жұмыстары сонау кеңес одағы кезеңінен бастау алған. Атақты М.Е. Массон, А.Н. Бернштам, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізген, қазба барысында жекелей зергерлік бұйымдар табылды. Алайда көмбе табылмаған болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеген еліміздің археологтары 2011 жылдан бастап кең ауқымда археологиялық қазба жұмыстары жалғастырған. Нәтижесінде Тараз қалашығында табылған жәдігерлер аз емес. Айрықша атап кететін 2015 жылғы археологиялық қазба барысында табылған, көмбеде 97 зергерлік бұйымдар болды. Олар негізінен әйелдердің зергерлік әшекейлері: қымбат тастармен безендірілген екі алтын және алты шиыршықтап жасалған күміс білезіктер, құйылмалы және сәндік бұйымдардан тұратын қыш құмыраға салынған көмбені атап өту керек. Арасына екі жыл сала 2017 жылы тағы да алтын бұйымдардан құралған алтын көмбе табылды. Осы ерекше бұйымдарды зерттеусіз аяқ асты етіп қалдыру, тарихымызға балта шабумен тең. Табылған жәдігерлер ежелгі тұрғындардың даму деңгейін, мәдениетін, тұрмысын, дүниетанымын көрсетеді.

Барлық табылған бұйымдар мұқият саналып, суретке түсіріліп, құжатталып, Көне Тараз мұражайында сақталуда. Көмбелердің мерзімдеулуі уақыты XII ғасыр, қаланың гүлденген уақыты Қараханид кезеңімен тұспа тұс. Көмбені мамандар «алтын адам» және «манғыстау ханшайымы» сынды бірегей құнды табылған дүниелермен тең қоюда.

Ұлттық мұраны жаңғырту мен дамытуда бірнеше бағдармалар қабылданды. Қазақстан Республикасының 2004-2007 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, елдегі дәстүрлі және заманауи қолөнердің дамуының болашағын анықтайды. Бұл мемлекеттік бағдарламалар этникалық сәйкестікті сақтауға, сондай-ақ әлемдік өнер үдерісіне белсене қатысуға және қазақ халқының құндылықтарын адамзаттың мұрасына айналдыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе айтармыз, зергерлік өнереліміздің материалдық мәдениетінде ерекше орынға ие, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, қолөнерміз бірі болып

табылады. Қай елдің болмасын материалдық мәдениеті оның өмір болмысын, дүниетанымын білдіреді. Материалдық мәдениеттің дамуында, халқымыздың бай тарихи дәстүрі мен жергілікті салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы мен әсемдік ерекшеліктері бой көрсетеді. Қазақтардың материалдық мәдениетінің қалыптасуы қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық жай-күйімен де байланысты [4,7 б].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев мақаласы: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.
2. Затов Қ., Ғабитов Т., Сатершинов Б., Бағашаров Қ., Өмірбекова Ә. Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық. Энциклопедия. - Алматы, 1990 - 302 б.
3. Байтанаев Б.Ә. Сайрам көмбесі. Ортағасырлық алтын - Алматы, 2013 - 227 б.
4. Ибадуллаева З.Ө. Қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениеті. – Астана, 2017-128 б.

УДК 930

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАДИЦИОННОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ.

Джиеналиев Е.К.

erlan.77@inbox.ru

Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева, магистрант 1 курса
Научный руководитель — Каженова Г.Т.

Настоящая статья посвящена одному из слабоизученных аспектов казахской этнографии - трансформации традиционного хозяйства казахов, в частности, северного региона в конце XIX - начале XX веков. Данная проблема освещалась в работах А. Букейхана, Н.Э. Масанова, Н. Алимбая, М.С. Муканова, Х. Аргынбаева, Ж.О. Артыкбаева и других отечественных исследователей. В основном исследователи отмечают кризис традиционного хозяйства казахов, но не замечают уникальность традиционного хозяйства казахов, а именно к трансформации. Естественно, что такой пробел обедняет наше представление о традиционном хозяйстве казахов как о наиболее оптимальной материализованной технологической структуре кочевой этноэкосистемы.

Цель работы - проследить трансформацию традиционной социально-экономической системы казахского общества на примере северного региона под влиянием политических, социально-экономических и культурных преобразований царских колониальных властей в конце XIX-XX в., а также природно-климатических условий. Задача - показать трансформацию хозяйства, быта и социальной структуры казахского общества в конце XIX-начале XX вв., в частности скотоводства, земледелия, промысла и ремесел, поселения, жилищ, одежды, социально-классовой структуры казахского общества.

Актуальность и научная новизна темы в том, что показана способность казахского общества реагировать на изменения и адаптироваться к различным процессам, в том числе и в хозяйственном плане. Что исторические события лишь ускорила объективный процесс трансформации системы жизнеобеспечения казахов.

В конце XIX - начале XX века основным хозяйственным занятием степняков по прежнему было кочевое и полукочевое скотоводство. (Толыбеков С.Е. «Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века» Алма-Ат а, 1971. - С. 579, Шахматов В.Ф. «Казахская пастбищно-кочевая община» Алма-Ат а 1964 год.)

Но начиная со второй половины XIX века в связи с массовым изъятием земель кочевников в пользу крестьянских селений, казачьих станиц, военных крепостей и строящихся городов,